

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2021 ж.

№20

Алматы қаласы

город Алматы

**Алматы қаласының аумағында
коронавирустық инфекцияның
одан әрі таралуына жол бермеу
жөніндегі шараларды күшейту туралы**

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексінің 38-бабы 1-тармағының 7 тармақшасына, 104-бабы 7-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 01 шілдедегі №31 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі - COVID-19) коронавирустық инфекциясының мутацияланған штаммдарының таралуының алдын алу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, «Атамекен» ӨКП (келісім бойынша), ұйымдар мен мекеме басшылары қамтамасыз етсін:

1) «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 01 шілдедегі № 31 қаулысын іске асыруды;

2) осы қаулының орындалуын бақылау жөніндегі мамандандырылған мониторингтік топтардың жұмысын ұйымдастыруды.

2. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 маусымдағы № 19 қаулысының 2-тармағының 17-тармақшасы алынып тасталсын;

3. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 маусымдағы № 19 қаулысының 2-тармағы «әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, «ASHYQ» жобасы бойынша келушілерді өткізуді ұйымдастыру мүмкіндігін аумақты қоршай отырып, қалалық жағажайлар мен ашық бассейндердің 7.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істеу редакциясының 17 тармақшасына сәйкес оқшаулау» деп толықтырылсын.

4. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 маусымдағы № 19 «Алматы қаласының аумағында коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар туралы» қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: қаулыға 1-қосымшада 30 және 59 нөмірлердің редакциясы алынып тасталсын; 14, 27, 41 және 58-нөмірлер жаңа редакцияда жазылсын:

№	«ASHYQ» жобасының қатысушылары емес		«ASHYQ» жобасының қатысушылары	
	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ шектеу критерийлері	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ шектеу критерийлері
14.	Театрлар, кинотеатрлар, филармониялар концерт залдары	—	Театрлар, кинотеатрлар, филармониялар	толымдылығы 30%-дан артық емес
			үлгілік түрдегі үй-жайлар мен ғимараттардағы концерт залдары	толымдылығы 30%-дан артық емес
			ғимараттар мен құрылыстардағы, концертке арналған залдар	толымдылығы 10%-дан артық емес
27.	ХҚКО-ы	Жексенбі ден басқа, уақыты сағат 09.00-ден	ХҚКО-ы	+

		18.00-ге дейін шектеліп, алдын ала жазылу бойынша		
41.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер, зоодүкендер	+	Жобада жоқ	
58.	Бұқаралық іс-шаралар (ойын-сауық, спорт, діни, отбасылық банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және сол сияқтылар, соның ішінде үйде өткізілетін), көрмелер, конференциялар, митингілер, шерулер, жиындар, форумдар және басқа.	-	* «ASHYQ» жобасына қатысушыларда - банкет залдарында өткізілетін еске алу шараларын қоспағанда	

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы 2021 жылғы 4 шілдеден бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин